

3-бөлім**Раздел 3****Section 3****Саясаттану****Политология****Political sciences**

ӘОЖ 32.001 (574)

А.С. Балапанова, Э.Б. Асылтаева*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің саясаттану кафедрасы,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: elnura007@mail.ru

Қазақстан Республикасындағы бірегейлену үдерісінің кезеңдері

Қазіргі жаһанданып отырған әлемде тек қана Қазақстан Республикасы емес, сонымен қатар басқа да мемлекеттер, қоғамдарда бірегейлік дағдарысы орын алуда. Бұл ойға дәлел ретінде қазіргі беделді қоғамдық-саяси баспаларда, ғылыми журналдарда және де күннен-күнге белең алып келе жатқан интернет жүйесіндегі жарияланып жатқан мақалалардың күн сайын өсіп жатқандығын айтуға болады. Мақалада қазіргі барша әлемде өзекті мәселе болып табылатын бірегейліктің қалыптасу кезеңдері мәселесі талқыланды. Жаһандану жағдайында елдің біртұтастығын, тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында бірегейліктің қалыптасуының негізгі маңызды кезеңдері сипатталады. Және де сол әр кезеңге әсер ететін, кейбір тұстарда басымдыққа ие болатын басты факторлар қарастырылған.

Түйін сөздер: бірегейлік, азаматтық бірегейлік, ұлттық идея, бірегейлік дағдарысы.

А.С. Балапанова, Э.Б. Асылтаева

The stages of process of identifying in the Republic of Kazakhstan

The crisis of identity in the globalized world has affected not only Kazakhstan, but also other countries of the world. For many articles published daily on the pages of prestigious publishers in the country and in Internet resources are evidence for it. The article searches the stages of formation of identity that actualized globally. Also in the article deals with the formation of civic identity as a process of integration. The state should develop and promote a civic identity from the public. The article characterizes significant stages of identity formation which is the guarantor of the unity and security in the country. Also in the article focused in main factors affecting on the stages of identity formation.

Keywords: identity, civic identity, national idea, an identity crisis.

А.С. Балапанова, Э.Б. Асылтаева

Основные этапы идентификационного процесса в Республике Казахстан

На современном этапе в условиях глобализации не только Республика Казахстан, но и другие страны столкнулись с новой проблемой, как кризис идентичности. Доказательством этому служит возрастающее количество публикаций в общественно-политических, научных журналах, а также в интернете. В данной статье рассматриваются проблемы становления и этапы идентичности в условиях глобализации. А также выявляется роль гражданской идентичности как фактор, обеспечивающий политическую стабильность и консолидацию общества в Республике Казахстан.

Ключевые слова: идентичность, гражданская идентичность, национальная идея, кризис идентичности.

Жаһандану жағдайында бірегейлену үдерістері әлеммен интенсивті диалог құруға әсер етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстаннан елді жұмылдырып, халықтың мәдениетінің ұлттық ерекшеліктерін көрсете отырып, бірегей мемлекет ретінде әлемге танымал болуына әсерін тигізеді [1, 76 б.]. Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі татулық пен келісім, мәдениеттер мен діндердің үндесуі әлемдік эталон ретінде танылған» деп, оның маңыздылығын ашық көрсетеді [2]. Аталған құжат елдегі Қазақстан қоғамын жұмылдыратын бірегейліктің индикаторларын, қоғамның негізгі құндылықтары мен нормаларын, міндеттемелері мен құқықтарының дамуын жаңа кезеңге шығарады. Қазақстандық патриотизмнің негізінде – азаматтық бірегейліктің жатуын ашық көрсетеді. Аталған құжаттағы мазмұнның қазіргі кезде дүниеге келуі біріншіден, әлемдегі, екіншіден қоғамдағы өтіп жатқан саяси-экономикалық, әлеуметтік, демографиялық мәселелермен түсіндіріледі. Өйткені, қазіргі тек қана Қазақстан емес, бүкіл әлемде бірегейлену дағдарысы мәселесі орын алуда.

Басылымдардағы бірегейлену дағдарысының мәселесі әр түрлі көрініс табады. Мысалға, Батыс әлемі үшін бірегейлік дағдарысы бірегейліктің жаңа түрінің жалпы Еуропалық ұлттықтан жоғары бірегейліктің пайда болуымен сипатталады. Ресей ғалымы Берендеевтің айтуы бойынша, еуропалықтар ежелден бері барлық мемлекеттерге ортақ шынайы саяси одақ құрығыс келді. Бұл еуропалықтарды жұмылдыратын еуропалық бірегейлік арқылы мүмкін болады [3].

Осылайша ХХ ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысындағы көптеген мемлекеттеріндегі, әсіресе Шығыс Еуропа мен Орталық Азия мемлекеттерінде ұлтты құру, мемлекетті құру үдерісі этномәдени аспект ала бастады. Посткеңестік «Жаңа Еуропа» мемлекеттеріндегі ұлттық бірегейлікті саяси тұрғыдан зерттеген Роджерс Брубейкердің айтуынша, ұлттық бірегейлік этностық түрге басымдық берілді. Ғалым Шығыс Еуропа мен Еуразия транзитті демократиялы мемлекеттердегі ұлттық бірегейлік маңызды болды және мемлекет ұлттық қозғалыстардың негізінде пайда болып, этностық топтың мүддесін жүзеге асыру мақсатында орын алды деп тұжырымдайды [4].

Яғни азаматтық бірегейлікті әлеуметтік мәдени тұрғыда түсіндіру көбіне этностық мәдениеті берік сақталған Шығыс мемлекеттеріне тән деп көрсетеді. Жаңа демократиялық мемлекеттерде ұлттық бірегейліктің этномәдени тұжырымдамасының институционализацияланып, әлеуметтік жауапкершілік құрылымдары билікке беріле бастады. Бұл өз кезегінде азаматтық бірегейлік мазмұнының бауын көрсетеді.

Ал жетпіс жыл бойы бір бірегейлігін халық санасында нығайтып келген Кеңес Үкіметінің ыдырауы қазіргі посткеңестік мемлекеттер үшін экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселелермен қатар, бірегейлік дағдарысы сипатты мәселені дүниеге әкелді. Бірегейліктің дағдарысы, жаңасын іздеу мәселелері посткеңестік мемлекеттер үшін және батыс демократиялық мемлекеттер үшін өтпелі кезеңде тән мәселе болып келеді. Өйткені қоғамның жаңарып, модернизациялану, жаңа құндылықтардың орын алуы адамдардың санасындағы бұрынғы бірегейліктің жойылуына себеп болады. Сонымен қатар қазіргі таңда бірегейліктің көп түрлерінің көбеюі мәселені күрделендіре түсуде. Саяси бірегейлік туралы сөз қозғамай тұрғанның өзінде қазір халық өздерін қай ұйымға, қай бірлестікке, қауымдастыққа, жатқызатынын білмейді. Қазіргі таңда «Мен кімін?», «Маған қандай бірегейлік қажет?», «Қоғамды қалай біріктіру қажет?» деген тақырыптарға көптеген жарияланымдар орын алуда. Бірегейлік мәселелеріне атақты басылымдар, ғылыми-теориялық журналдар көптеген мақалалар жариялап жатыр, сонымен қатар аталған мәселе төңірегінде теориялық-ғылыми, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізіліп, диссертациялық жұмыстар мен монографиялар жарық көруде. Ғылыми жарияланымдарда бірегейлік түсінігі кейде ауқымды және терең зерттеуді талап етілетіндігі байқалады. Сонымен қатар бірегейлік түсінігінің өзі қазіргі таңда өте өзекті мәселелердің қатарына жататындығы көрінеді. Өйткені жеке адамның өзі «Мен кімін?» деген сұраққа жауап бере отырып, қоғамдағы түрлі топтар мен таптардың арасында өзін-өзі анықтаудан бастап, түрлі саяси қозғалыстар, ұйымдар, саяси партиялардағы адамның сол ұйымдарға мүшелігін шынайы сезінумен қатар мемлекет деңгейінде де қоғамды тұрақтандырау мақсатында елді біріктіре бірегейлікті қалыптастыру тенденциясы орын алуда. Тақырыптың өзектілігін анықтайтын тағы бір жайт, қазіргі кезеңде, яғни

жаһандану жағдайында адам өзін-өзі кім екенін анықтай алмай қалады. Өйткені жаһандану тек қана экономикаға, әлеуметтік институттар мен қоғамға ғана әсерін тигізіп қана қоймай, сонымен қатар әр адамды өзгерте отырып, оның қоршаған ортасына, бірегейлену үдерісіне, өмір сүру жағдайы мен іс-әрекет ету түріне де аса әсер тигізеді. Осы тұста бірегейлікке байланысты ғылымдағы көтеріліп отырған әрбір жаңа тақырып өзімен бірге әлеуметтанушылар, тарихшылар, психологтар, философтар, саясаттанушылар және т.б. үшін терең зерттеуді талап ететін бірнеше мәселерді дүиеге әкеледі.

Азаматтық бірегейлік әлеуметтік бірегейліктің бір түрі ретінде көрініс тауып, қазіргі кезеңде саяси-әлеуметтік ғылымда өзекті мәселелердің біріне айналып келеді. Өйткені, қазіргі қоғамдық-саяси үдерістердің сипаты күрделене бастады. Мемлекеттерде, әсіресе КСРО ыдырығаннан кейін, тәуелсіздікке жаңадан қол жеткізген посткеңестік мемлекеттер үшін ұлттық идеяны анықтау, ұлттық мемлекетті қалыптасыру, ұлтты, мемлекетті құрау, этносаяси мәселелерді, этносаралық қатынастарды, сонымен қатар мемлекеттің егеменділігін сақтау мәселелерін шешу үдерісі әлі де терең зерттелуді талап етеді. Осы орайда қоғамды жұмылдыратын, мемлекеттің мемлекеттілігін, азаматтардың азаматтылығын сақтап әрі нығайтуда ересен зор рөлді ойнайтын азаматтық бірегейлік мәселесінің зерттелуі орынды құбылыс болып табылады.

Азаматтық бірегейліктің қазіргі кезеңдегі нақты анықтамасы, зерттеу әдіснамасының қалыптаспауы осы категорияның орны мен рөлін анықтауға кедергі болып табылады. Әлеуметтік-саяси ғылымда азаматтық бірегейлікке беретін ортақ, нақты түсіндірме жоқ. Осыған байланысты қоғамдық ғылымдардың әр саласындағы азаматтық бірегейлікке байланысты жазылған зерттеу жұмыстарын талдау жөн.

Азаматтылық бірегейліктің, азаматтылық, азамат, азаматтық қоғам сияқты терминдердің батыс елдерінде пайда болуына байланысты бірінші кезекте азаматтық бірегейлікке қатысты батыс зерттеушілерінің жұмыстарындағы интерпретацияларға назар аударайық. Азаматтық бірегейлік ағылшын тілінен аударғанда «civic identity», яғни азаматтық барабарлық, азаматтық ұйқастық, азаматтық сарындастық ретінде аударылады [5]. Дегенмен қазіргі таңда азаматтық бірегейліктің аудармалары болғанымен, аталған құбылысты терең түсіндіретін ғылымда біркелкі

анықтама жоқ. Кейбір ғалымдар азаматтық бірегейлікті азаматтық ұлтшылдық (немесе Батыс мемлекеттеріне тән «азаматтық ұлт») секілді түсіндірсе, кейбір ғалымдар азаматтық бірегейлікті азаматтық қоғам құру, азаматтылықтың конструкциясы ретінде әлеуметтенудің жемісі ретінде түсіндіреді.

Ал тәуелсіздігін жаңадан алған демократиялық жолмен даму бағытын таңдаған Қазақстан Республикасы үшін бірегейлік мәселесі өзекті болып келеді. Бұл бір қырынан елді жұмылдыра отырып, елде тұрақтылық сақтаудың кепілі ретінде саналса, екінші қырынан әлемдік қауымдас арасындағы мемлекеттің егеменділігін сақтап қалудың мәселесін шешетін бірден-бір маңызды категориялардың бірі болып табылады. Қазақстан ғалымдарының пікірінше, ұлттық және мемлекеттік бірегейлік арқылы ғана қазіргі жаһандану кезеңінде басқа әлемдік қауымдастық алдында Қазақстан өзінің орны мен рөлін сақтап және жаһанданудың қатерлеріне жауап бере алады. Сонымен қатар бірегейлікті сақтау арқылы елдің ары қарай өркениетті даму мүмкіндігіне ие болады [6, 3 б.].

Гумбольд атындағы Орталық Азия форумының зерттеушісі, Германия азаматы Др. Беате Эшменттің «Проблемы государственной идентичности Казахстана: взгляд извне» атты мақаласында Қазақстан азаматтары өздерін мемлекетпен бірегейлендірмейді, ал бұл өз кезегінде мемлекеттің тұрақтылығына тиетін қауіп ретінде қабылданады деп түйіндеген [7].

Қазақстан басқа да посткеңестік мемлекеттер сияқты жаһандану әсерінде пайда болған адамдар іс-әрекет түрінің өзгеруімен, көптеген бірегейліктің жаңа түрлерінің пайда болуымен (адамдардың санасында бірегейліктің жаңа түрлерінің пайда болуына нығайтумен) ерекшеленсе, келесі жағынан тоталитарлы биліктің орнына демократиялық мемлекетті құру ұранын алға қоя отырып, оның салдары ретінде қоғамның санасында ескі құндылықтардың өзгеруі, қоғамдағы жаңа идеялар мен нормалардың пайда болуымен сипатталады. Мұндай жағдай мемлекеттегі бір бірегейліктің орнығуына қиындықтар туғызды. Ол қиындықтар бірінші кезекте әлеуметтік, экономикалық мәселелермен, сонымен қатар елдегі саяси, демографиялық жағдаймен күрделене түсті. Өйткені, кез-келген бірегейлік үдерісі жүйелі кезеңдерді қамту қажет.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін елде күрделі кезеңге тап болды.

Мемлекет билігінің алдында саяси және экономикалық жүйенің өзгеруі, жаңа мемлекеттік институттардың пайда болуы, сонымен қатар шекараны бөлісуден бастап сырт көрші мемлекеттермен жаңа саяси қарым-қатынас орнатумен байланысқан мәселелердің біртұтас кешенін шешу тұрды.

Мемлекет өз алдына демократиялық даму жолын таңдап, нарықтық экономикаға бет бұрды. Бұл орайда елдегі жекешелендіру мәселесінен бастау алды деп айтса болады. Яғни қоғам алдына өз күнін өзі көретіндей режимге ауыстырды. Кеңес үкіметі кезінде экономика негіздері құлдырап, мемлекеттік биліктің ескі институттары өз өміршеңдігін жойып, қоғам өмірінің әлеуметтік саласының негіздері өзгерді. Осы орайда Қазақстан үшін тарихи маңызды мәселені – ендігі даму жолының негізгі құндылықтары, принциптері қандай болу керектігін шешу қажет болды.

Бірегейлік мәселесін жаһандану контекстінде зерттейтін отандық ғалым А.Г.Бейсенованың ойынша, Қазақстан өз реформаларын күрделі кезеңде бастады. Егер дамыған мемлекеттер тұрақты дамудың басым болған мәселелерін ғана шешуді көздесе, біздің елдің басшылығы мемлекеттің өмір сүруінде бірінші рет және бір дегенде көптеген мәселелерді шешуге мәжбүр болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарын Президент «тірі қалып өмір сүру жылдары» деп атады [8]. Бұл қоғамның санасындағы кеңестік бірегейліктің, коммунистік идеологияның құлдырауына әкеп соқты. Мұны өз кезегінде елдегі бірегейлену үдерісінің алғашқы кезеңі ретінде айтуға болады.

Ал ғалымдар Қазақстандағы 1986 – 2000 жылдар арасындағы бірегейлену үдерісі төмендегідей кезеңдерін қамтитындығын көрсетеді:

Бірінші кезең (1986-1990жж.) кеңестік саяси жүйенің бірегейлік құндылықтарының құлдыра бастауымен сипатталады. Қазақстан халқының бірегейлігінің қалыптасуына Алматыдағы 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі әсерінен елде ұлттық-этностық бағдар өрші бастауымен сипатталады. Сонымен қатар азаматтардың ірі топтық ұйымдар мен қауымдастықтарға: партия, комсомол, кәсіподақтарға, жалпы мемлекетке мүше болу өзіндік санасы төмендей бастады. Сонымен қатар бірегейлену үдерісіне елдегі жаңа қозғалыстар мен ұйымдардың пайда болуы мүдделердің дифференциациясының жаңа фазасы орын ала бастады.

Екінші кезең (1991-1993 жж.) бір жағынан, адамдардың ұлы державаның азаматтары ретінде өздерін сезінбей бастауы, бірегейлік дағдарысың алғашқы көріністерімен сипатталса, екінші жағынан, тәуелсіздікке ие болумен байланысты жаңа бірегейленудің бағдарының пайда болуымен ерекшеленеді. Өмір сүру жағдайы өзгере берген сайын ескі құндылықтар өзгеріп, жаңа топтар пайда болады. Оған дәлел ретінде Қазақстандағы жаңа партиялық жүйенің қалыптасу үдерісін атауға болады. Яғни бірегейліктің бұрынғы Кеңес коммунистік партиясының орнына жаңадан «Қазақстанның социалистік партиясы», «Қазақстанның халық конгресі» партиясы, «Алаш», «Азат» партияларға және де басқа қоғамдық ұйымдарға мүше болу тенденциясы, яғни бірегейлену үдерісінің жаңа кыры қалыптасты.

Үшінші кезең (1993 тамыз айы мен 1995 жыл аралығы) азаматтардың бірегейлігінің дифференциациясының күшеюімен, соның ішінде этностық бірегейліктің өрши бастауымен өзгешеленеді. Аталған кезең мемлекет индивидтің азаматтық бірегейлігін этностық бірегейлікке тәуелді етуге талпынысымен сипатталады. Бұл тенденцияның дамуына Қазақстан дамуының ұлттық-этностық және жаңа азаматтық параметрлерінің 1993 жылдың қаңтар айында Республиканың Конституциясында бекітілуі әсер етті. Конституцияға өзгерістер енгізу нәтижесінде «Қазақстан – демократиялық, зиялы және біртұтас мемлекет. Өзін-өзі билейтін қазақ ұлты мемлекеттілігінің түрі ретінде Қазақстан Республикасы өзінің барлық азаматының құқық теңдігін қамтамасыз етеді» дей отырып, төл этносқа саяси субъект ретінде қабылдауды бекітті. Осы кезеңде орыс тілінде сөйлейтін халықтың елден көшіп кету науқаны басталды. Осылайша 1994 жылдың өзінде Қазақстанды 400 жуық адам тастап көшіп кетті, ал халықтың жалпы саны 7 жылдың ішінде 2 миллионға азайды.

Төртінші кезең 1995 жылдың тамыз айынан 2009 жылға дейінгі кезеңге дейін жалғасып келеді. Бұл жалпы қазақстандық азаматтық бірегейліктің нығаю үдерісімен тығыз байланысты кезең ретінде қарастырылады. Бұл қадамға әсерін 1995 жылы енгізілген өзгерістер тигізді. Дәлірек айтқанда, жаңа Конституцияның преамбуласында «Біз, Қазақстан халқы» деп, яғни биліктің субъектісі ретінде барша халық есептеле бастады [9, 19-21бб.]. Сонымен қатар аталған

уақыт шеңберінде әлемде аналогы жоқ институт – Қазақстан халықтарының Ассамблеясының дүниеге келуімен сипатталады. Ассамблея тек қана формальды институт емес, сонымен қатар қазіргі кезеңде конституциялық кеңес беруші орган ретінде дамып келді. Аталған периодта Қазақстан қоғамында этностық қатынасатар реттеу мен этностар арасындағы тең құқықтық принципті жүзеге асыру мақсатында Қазақстанның заң шығару органына Ассамблея мүшелерінен кандидаттардың ұсынылуын да айтып кету жөн. Яғни бұл кезеңде Қазақстан Республикасының этносаясаты елді мекен етіп отырған барлық этностарға «бірлік көптірлілікте» антымен тең дәрежелі құқық пен этно-мәдени дамуын қамтамасыз етті. Сонымен қатар кейбір зерттеушілер астананның жаңа қалаға көшірілуін және шетелде жүрген отандастарды қайта көшіру саясатының ролін де осы кезеңде зор болғанын көрсетеді.

Бесінші кезең 2009 жылдан бері қарай уақыт шеңберін қамтиды. Бұл кезеңнің басты сипаттамасы – қазақ ұлтына аса зор жауапкершілікті, міндеттемелерді бере отырып, қоғамды алға дамытуда жол басар ұйытқысының негізгі факторы ретінде қарастырады. Аталған кезеңнің бастау алуына «Ұлт бірлігі» доктринасының елде қазақ интеллигенциясы арасында үлкен сынға ие болуы себеп болды. Нәтижесінде «Ұлт бірлігі» доктринасында этностық, болмаса басқа да шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамай барлық азаматтарға тең мүмкіндік бере отырып, қазақ тілін білу міндеті барлық халықтарға жүктелді. Ол шешуші басымдық, рухани және ұлттық бірліктің негізгі факторы ретінде анықталды. Сонымен қатар қазақ халқы және мемлекеттік тіл азаматтық бірегейліктің біріктіруші ұйытқысы болып келеді. Бұл өз көрінісін Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында табады. Өйткені елде маңызы зор құжатта Қазақстан жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыруда қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі [2].

Кеңес Үкіметі ыдырағаннан кейін Қазақстан Республикасы мемлекетті ұлттық негізде пайда болған деп тауып, төл этносқа, яғни қазақ этносқа басымдық берді. Бұл үдеріс елдегі оқу орындарындағы ұлттық педаго-

гика, ұлттық тәрбие және т.б. ұғымдардың пай болуымен ерекшеленді. 1990 ж., басқа да республикалардағыдай, бізде де ұлттық қозғалыстар мен партиялар пайда болды [10]. Және жоғарыда айтылып кеткендей елдің жоғарғы заңы Конституцияда қазақ ұлтына үлкен мәртебе берілді. Жетпіс жыл бойын Ресей үкіметінің қол астында болып, жалпы ортақ «Кеңес азаматы» деген идеологияның орнына, бір жағынан ұлттық негізге, ата-заманнан келе жатқан тарихы терең қазақ ұлтына мұндай саяси анықтама бергені де заңдылық сияқты болды. Дегенмен 1993-1995 жылдар аралығында аталған Конституция үлкен сынға түсіп, 30 мыңға жуық ұсыныстар түсіп, ҚР Президентінің басшылығымен эксперттік-кеңестік бюро құрылып, ұсыныстардың мыңнан астамы ескерілді, нәтижесінде Конституцияның 99 бабының ішінде 55 бабы (яғни жартысы деуге болады) өзгеріске ұшырады [11].

Аталған Конституция жобасының сынға ұшырауы келесі маңызды факторлармен түсіндіріледі. Бірінші фактор – демографиялық фактор. Конституцияға қазақ этносының басымдыққа ие болу мүмкіндігінің шегерілуі елдегі этностық, демографиялық ерекшелікке байланысты болды. Қазақстан Республикасында 1989 жылғы санақ бойынша қазақтардың үлес салмағы небәрі 6534616 адамды құраса, орыс ұлтының саны 6227549, 332017 өзбек, 896240 украин және т.с.с. болды [12].

Екінші фактор мәдени (саяси мәдениет) ерекшеліктерге байланысты, сол замандағы билік органдарында өздерін әлі де болса «кеңес азаматы» ретінде санап, орыс тілді азаматтардың отыруымен сипатталады. Мысалға 1996 жылғы Қазақстан даму институтымен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде «Өзіңізді кіммін деп есептейсіз?» деген сауалға азаматтардың 11%-ы ғана Қазақстан азаматы ретінде жауап берді, ал КСРО азаматымын деп 22,1% есептесе, жаңадан құрылған мемлекетаралық ұйым Тәуелсіз мемлекеттер достастығының азаматымын деп азаматтардың басым бөлігі 39,4% жауап берген [9, 25с.]. Сонымен қатар, кеңес үкіметінің азаматтары санасында саяси мәдениеттің авторитарлық бағынышты түрінің басымдыққа ие болғанын естен шығармаған жөн. Осы жерде атап өтетін жай, кейбір ғалымдардың дәлелдеуінше, республикадағы партноменклатураның ұлттық бірлестіктерді 1990 жылдың аяғына таман қолдауы, орталықтың үстемдігін алмастыруға

ұмтылып, өз биліктерін сақтап қалу деп бағалады. Ал интеллигенция тобы, ұлттық идеяларды барынша қолдап, насихаттағанымен, бейтарап позициядағылар көп болатын [10]. Үшінші геосаяси фактор ретінде қарастырса болады. Геосаяси тұрғыда әлі де болса Қазақстан Ресейден тәуелділігін сезінді. Аталған фактор еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халықтарының бірінші Ассамблеясында «Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын» атты баяндамасындағы сөзінде көрініс тапты. Онда Н.Ә.Назарбаев: «Ішкі мәселелермен, оның ішінде ұлттық мәселелермен Қазақстанның сыртқы саясаты тығыз байланысты. Көптеген елдерге тән этникалық сан алуындылық жағдайында этникалық шептерге сәйкес мемлекеттік шекараларды белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақытпен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті» деп талқылайды. Н.Ә. Назарбаев Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын [13, 15с.]. Төртінші саяси фактор болып табылады. Көптеген посткеңестік мемлекеттер мемлекеттік құрылыстың, дамудың мінсіз мысалы ретінде Батысқа көз сала отырумен түсіндіріледі. Өйткені, тоталитарлық жүйенің құлдырап орнына ешкімге түсініксіз, бірақ мемлекеттік дамудың эталоны ретінде демократиялық даму жолы бәріне қызығушылық білдірді. Сонымен қатар саяси фактор егеменді мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этностық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі – Еуразиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы деп таңдауымен тығыз байланысты болды [13, 14с.]. Бесінші фактор елдің экономикалық жағдайымен байланысты. Өйткені экономиканың 6% ғана республикалық биліктің тікелей бақылауында болса, экономиканың 43% Мәскеу тікелей басқарып отырды, ал қалған үлес екі мемлекеттің бірігіп саясат жүргізуіне тиеселі болды [14]. Бұл қазақстандық экономиканың Ресейге тәуелді болуының бірден-бір көрінісі болып есептеледі.

Қазіргі таңда сол 1995 жылы әр этностық құқықтық, саяси мәртебесі заңды түрде анықталғаннан бастап елде басты жалпы ұлттық Қазақстан азаматтарын құру идеясы орын алып келеді. Дегенмен де бұл этностық әралуындылық жағдайында қазақ ұлтына мемлекетті құраушы, тұрақтылықты қамтамасыз ететін, елдегі үдерістерге, мемлекеттің болашағына жауапты ұлт ретінде анықтап келеді. Бұл Қазақстан

Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың әрбір мінбеден айталатын баяндамасында көрініс табады. Қазақстандағы бір бірегейлікті нығайтудың қиындығы Қазақстан қоғамы өтпелі қоғам ретінде түрлі топтардың мүдделерін қамту қажеттілігінен туындады. Өйткені Қазақстанда этностық, демографиялық, діни, идеологиялық, экономикалық әралуандылық орын алған болатын. Бақытжамал Бектұрғанованың айтуынша, Қазақстандағы этносаяси үдерістер демократизация үдерісімен өзара байланысып келеді. Ұлт қалыптастыру мәселесі бұл орайда басқарылып отырған демократия талап етеді. Ал бұл орайда Қазақстанның үш ресурстары бар: біріншісі – күшті билік, екіншісі – қазақ-ұлттық патриотизмнің өршуі, үшіншісі – этносаралық жанжалдардың орын алу қаупі [15].

Көптеген әдебиеттерде азаматтық бірегейлік адамның өзін ұлт ретінде анықтайтын бір қауымдастыққа топтық мүшелігін сезінуден бастау алады. Осы бірегейлік түрінің арқасында, физикалық қарым-қатынастың болмауына қарамастан азаматтар өздерін бір тілде сөйлейтін, бір территорияда мекен ететін және бір экожүйеге байланысын кезіне отырып, біртұтас халық ретінде санайды. Оларды көптеген дәстүрлер, өткен заман туралы тарихи жадыда қазіргі таңда жетістіктерге, елдің дамуына деген мақтаныш немесе тарихтағы жеңілістер үшін ұятқа қалу сияқты эмоциялық толқулар біріктіреді [16].

Александра Латунина өзінің «мультимәдени қоғамдардағы азаматтық бірегейліктің қалыптасуы: әлеуметтік-мәдени әдіс» атты мақаласында азаматтық бірегейліктің қалыптасу түрлерін: шашыраңқы, баламалы, кемеліне жеткен болып бөлінеді деп көрсетеді. Сонымен қатар, ғалымның көзқарасынша, азаматтық бірегейлік қалыптасуының екі үлгісін көрсетеді: бірінші үлгі азаматтық бірегейлік этностық ұлттың негізінде құрылады, ал екінші үлгі азаматтық бірегейлік таза саяси ұлт ретінде бір этносқа басымдық бермейді [17].

Жоғарыда көрсетілген дәстүр бойынша азаматтық бірегейлену интеграция арқылы жүзеге асады. Кейбір ғалымдар интеграция ұғымының астарында ассимиляция жатады деп түсінсе, әлеуметтік, мәдени бағыт өкілдері азаматтар өздерінің бірінші дәрежелік жеке бірегейліктерін сақтай отырып, қоғамға мүше болуды ағайды. Бұл орайда интеграция саяси, экономикалық және тілдік, мәдени интеграция болуы мүмкін деген тоқтамға келеді. Осы орай-

да мемлекеттік интеграцияның әлеуметтік интеграция тұжырымдамасы келесі мәселелерді шешеді:

- азаматтардың мемлекеттен алшақтанбауын;
- қоғамның ортақ мақсаттарын жүзеге асыру;
- этностық және мәдени ерекшелігін сақтау;
- мемлекетті мәдени орталықтың орнын қалыптастыру [17].

Қорытындылай келе, жиырма жылдық тәуелсіз жылдары бар Қазақстанда қазіргі кезеңде Қазақстанның тәуелсіздік идеясы «Қазақстан халықтарының бірлігі», «Бірлік көптүрлілікте» іспеттес идеялар орын алып жатыр. Дегенмен, «жүзден аса құрама ұлттардан құралған мемлекетте тыныштықты сақтау оңай еместігін, сондықтан, олардың арасындағы консенсусты ұстап тұрудың жолдары қарастырылады. Осындай ойдың арқасында, «қазақстандық ұлт» жобасы өмірге келді. Мойындау керек, осы бір идеологияның Қазақстандағы тұрақтылықты сақтап қалуға қосқан үлесі өлшеусіз. Қазіргі таңда мемлекет құраушы қазақ ұлтының салмағы артуына байланысты бұл идеологиядан бас тартатын кез жетті» деп тұжырымдайды Е.Әлімханұлы [18]. ХХІ ғасырдағы қазақтар мемлекетқұраушы ұлт ретінде жана белеске көтеріліп, Қазақстан

халқының берік өзегіне, сенімді діңгегіне айналуға. Қазақстан тәуелсіздігінің болашағы үшін, өсіп-өркендеуі үшін, нығаюы үшін қазақтың – өзіміздің ұлттың бірлігіміз керек [19]. Осылайша Қазақстан азаматтарының бірегейлену үдерісі күрделі кезеңдерден өтіп, қазіргі таңда ғылыми қауымдастықта жаңа кезеңге өтуі қажеттілігі мойындалып отыр. Дегенмен, мемлекеттегі тұтастықты сақтап қалу мақсатында бүкіл әлемде өзекті мәселелердің қатарынан табылатын азаматтық бірегейлікті қалыптастыру арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Ал азаматтық бірегейліктің өзі ұлттық демократиялық мемлекетті қалыптастыруға бірден-бір ұтымды жолы ретінде қарастыру керек.

Азаматтық бірегейліктің қалыптасуы мен даму үдерісі негізінде өзін-өзі реттейтін үдеріс болып табылады, сонмен қатар мемлекеттің экономикалық әл-ауқатымен, әлеуметтік саясаттың ұтымды жүргізілуімен анықталады. Дегенмен азаматтық бірегейліктің мәселелері мемлекеттік деңгейде қарастырылып, шешілуді талап етеді. Азаматтық бірегейлік мәселелерін мемлекеттік деңгейде сәтті шешу бүкіл мемлекеттік механизмдердің және қоғамның тиімді қызмет етуінің кепілі болып табылады [20].

Әдебиеттер

- 1 Ахметова Л.С., Вервкин А., Лифанова Т. Основные параметры казахстанской идентичности. – Алматы, 2009. – 249с.
- 2 Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің «Қазақстан -2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Астана, 2012. // <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
- 3 Берендеев М.В. Дискурс Европейской идентичности в условиях кризиса в ЕС // Вестник Балтийского федерального университета им.И.Канта. 2012. Вып. 12. С. 146—154.
- 4 Brubaker R. Nationalism Reframed: Nationhood and the National Question in Europe. Cambridge: Cambridge University Press, 1996.
- 5 Illegal Aliien. Dictionary of ethnicity and culture. 1998.
- 6 Қазақстан в глобальном мире: вызовы и сохранение идентичности. Под.ред. Нысанбаева А.Н. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2011. – 355с.
- 7 Проблемы государственной и национальной идентичности в Казахстане / под.общ.ред. Сатпаева Д. Центральноеазиатское агенствополитических исследований Фонда имени Фридриха Эберта в Казахстане. – Алматы, 2001. с.37.
- 8 Бейсенова Г.А. Проблемы глобализации и идентичности: учебное пособие. Алматы, 2009. Принт-С, С.145.
- 9 Булуктаев Ю. Особенности идентификационных процессов в Республике Казахстан / Проблемы государственной и национальной идентичности в Казахстане / под.общ.ред. Сатпаева Д. Центральноеазиатское агенствополитических исследований Фонда имени Фридриха Эберта в Казахстане. – Алматы, 2001. – 210стр.
- 10 Кошербаев К.Е., Куттыбаева Р.С., Қазақстандағы этносаралық қатынастар мәселелері. Қазақстан, Алматы, Қазақстанның даму институты, 1996. С.146.
- 11 Бусурманов Ж. Главный принцип государственности // <http://www.zakon.kz/182411-glavnyjj-princip-gosudarstvennosti.html>.
- 12 Национальный состав населения Республики Казахстан / Демографический ежегодник Казахстана (том 1), Алматы. 2003. – 1340с.
- 13 За мир и согласие в нашем общем доме: Қазақстан халықтарының бірінші ассамблеясының материалдары. – Алматы: «Қазақстан», 1995. – 160с.

- 14 Бейсенова Г.А. Проблемы глобализации и идентичности: учебное пособие. Алматы, 2009. Принт-С, С.146.
- 15 Бектурганова Б. Казахстанская идентичность: трудности обретения // www.baiterek.kz/index.php?journal
- 16 Кисилев И.Ю., Смирнова А.Г. Формирование идентичности в российской провинции. М.: ИП РАН. 2001.
- 17 Latuņina A. The Formation of Civic Identity in a Multinational Society: A Sociocultural Approach. Reflecting on Identities: Research, Practice & Innovation, Proceedings of the tenth Conference of the Children's Identity and Citizenship in Europe Thematic Network, ed Ross A and Cunningham P, published by CiCe (London) 2008. ISBN: 978-0-9560454-7-8; ISSN: 1470-6695
- 18 Әлімханұлы Е. Ұлт мемлекетті қалыптастыра ма, әлде мемлекет ұлтты қалыптастыра ма? // Ақиқат, №3, 2013. 246.
- 19 Национальное единство – наш стратегический выбор. Выступление председателя АНК, Президента страны Н.А.Назарбаева на юбилейной, пятнадцатой сессии Ассамблеи народа Казахстана, 26 октября 2009 года. Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том 2. Н.А.Назарбаев и казахстанская стратегия политических реформ: сборник документов и материалов в трех томах / отв.ред. Б.К.Султанов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. С. 239.
- 20 Проблемы и перспективы гражданской идентификации населения Казахстана. Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2004. – 40 с.

References

- 1 Ahmetova L.S., Verevkin A., Lifanova T. Osnovnye parametry kazhstanskoi identichnosti. – Almaty, 2009. – 249s.
- 2 Nazarbayev N.A. QR Presidentinin «Qazaqstan-2050» strategiasy qalyptaskan memlekettin jana sayiasi bagyty» atty Qazaqstan halkyna Zholdauy, Astana, 2012. // <http://www.inform.kz/kaz/article/2518877>
- 3 Berendeev M.V. Diskurs Evropeiskoi identichnosti v usloviah krizisa v ES // Vestnik Baltiiskogo federalnogo universiteta im.I.Kanta. 2012. Vyp. 12. S. 146—154.
- 4 Brubaker R. Nationalism Reframed: Natiohood and the National Question in Europe. Cambridge: Cambridge University Press, 1996.
- 5 Illegal Aliien. Dictionary of ethnicity and culture. 1998.
- 6 Kazakhstan v globalnom mire: vyzovy I sohranenie identichnosti. Pod.red. Nysanbayeva A.N. – Almaty: Institut filosofii I politologii KG MON RK, 2011. – 355s.
- 7 Problemy gosudarstvennoi I nacionalnoi identichnosti v Kazkahstane. / pod.obsh.red. Satpaeva D. Centralnoaziatskoe agentstvo politicheskikh issledovaniy, Fonda im. Fridriha Eberta v Kazakhstane. – Almaty, 2001. s.37.
- 8 Beisenova G.A. Problemy globalizacii I dentichnosti: Uchebnoe posobie. Almaty, 2009. Print-S, S.145.
- 9 Buluktayev U. Osobennosti identifikacionnyh processov v Respublike Kazakhstan. / Problemy gosudarstvennoi I nacionalnoi identichnosti v Kazakhstane. / pod.obsh.red. Satpaeva D. Centralnoaziatskoe agentstvo politicheskikh issledovaniy, Fonda im. Fridriha Eberta v Kazakhstane. – Almaty, 2001. – 210s.
- 10 Kosherbayev K.E., Kuttybayeva R.S., Qazaqstandagy etnosaralyk qatynastar maseleleri. Qazaqstan, Almaty, Qazaqstannyn damu instituty, 1996. S.146.
- 11 Busurmanov Zh. Glavnyi ptincip gosudarstvennosti // <http://www.zakon.kz/182411-glavnyjj-princip-gosudarstvennosti.html>.
- 12 Nacionalnyi sostav naselenia Respubliki Kazakhstan / Demograficeskii ezhegodnik Kazakhstana (tom1), Almaty. 2003. – 1340s.
- 13 Za mit I soglasie v nashem obshe dome: Qazaqstan halyktarynyn birinshi assambleyasynyn materialdary. – Almaty: «Kazakhstan», 1995. – 160s.
- 14 Beisenova G.A. Problemy globalizacii I dentichnosti: Uchebnoe posobie. Almaty, 2009. Print-S, S146.
- 15 Bekturganova B. Kazakhstanskayia identichnost trudnosti obretenia // www.baiterek.kz/index.php?journal
- 16 Kisilev I.U., Smirnova A.G. Formirovanie identichnosti v rossiiskoi provincii. M.: IP RAN. 2001.
- 17 Latuņina A. The Formation of Civic Identity in a Multinational Society: A Sociocultural Approach. Reflecting on Identities: Research, Practice & Innovation, Proceedings of the tenth Conference of the Children's Identity and Citizenship in Europe Thematic Network, ed Ross A and Cunningham P, published by CiCe (London) 2008. ISBN: 978-0-9560454-7-8; ISSN: 1470-6695
- 18 Alimhanuly E. Ult memleketti qalyptastyra ma, alde memleket ultty kalyptastyra ma? // Aqiqat, №3, 2013. 246.
- 19 Nacionalnoe edinstvo – nash strategicheskii vybor. Vystuplenie predsdatelia ANK, Presidenta strany N.A.Nazarbayeva na ubileinoi, Pyiatnadcatoi sessii Assambleya naroda Kazakhstan, 26 oktybrya 2009 goda. President N.A.Nazarbayev I sovremennyi Kazakhstan. Tom 2. N.A.Nazarbayev i kazakhstanskaya strategia politicheskikh reform: sbornik dokumentov I materialov v treh tomah / otv.red. B.K.Sultanov. – Almaty: KISI pti Presidente RK, 2010. S. 239.
- 20 Problemy I perspektivy grazhdanskoi identifikacii naselenia Kazakhstana. Nauchnoe izdanie. – Almaty: KISI pri Presidente Respubliki Kazakhstan, 2004. – 40c. Str 4.